

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 тамыздағы N 843 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Маңғыстау облысының Ақтау қаласында орналасқан Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ГМ - 172/10 мекемесі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Мекеменің жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Мекемені қаржыландыру тиісті жылға арналған республикалық бюджетте "Тергеу-тұтқынға алынған адамдарды ұстау" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде жүргізіледі деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мынадай мемлекеттік мекемелері таратылсын:

- | | | | | |
|-----|-----|---|-------------|-------------------|
| 1) | Е Ц | - | 1 6 6 / 2 0 | м е к е м е с і ; |
| 2) | О В | - | 1 5 6 / 1 2 | м е к е м е с і ; |

3) ГМ - 172/7 мекемесі.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

1) мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің бекітілген штат санының лимиттері шегінде Мекеменің штат санын белгілесін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у е н г і з і л с і н :

1) < * >

2) "Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1376 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

"ҚАЖ-дың материалдық-техникалық базасын жақсарту" деген кіші бөлімде: реттік нөмірі 41-жолдың 2) тармақшасындағы "Іс-шаралар" деген бағандағы "ГМ-

172/7" деген сөздер алынып тасталсын.

Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120 қаулысымен.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК